

ЕГЕМЕНДІ

Қазақстан

№ 99 (20174).
СӘРСЕНБІ,
29
СӘУІР
1992 ЖЫЛ
Бағасы 1 сом.

Газет 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

Ұлттық қоғамдық-саяси газет

Сенім грамотасы тапсырылды



Сенім грамотасы тапсырылғаннан кейін. Суретті түсірген А. ПАВСКИЙ (ҚазТАГ).

Сәуірдің 28-інде Қытайдың Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Чжан Дэгуан Президент Н. Ә. Назарбаевқа сенім грамотасын тапсырды.

Одан кейін болған әңгімеде Н. Ә. Назарбаев екі ел халықтары арасында қалыптасқан дәстүрлі достық пен өзара түсіністік дәстүрлерін жоғары бағалайтынын, олардың ынтымақтастығы ұдайы өрлеп, дами беруі үшін барлық күш-жігерін жұмсайтынын, республика басшылығы дипломаттардың жемісті жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай туғызуға қамқорлық жасайтынын атап көрсетті.

Чжан Дэгуан 1941 жылы Шаньдун провинциясында туған. Пекин шет тілдер институтын бітірген. Дипломатиялық қызметте 1965 жылдан бері істейді. Қытай Халық Республикасының сыртқы істер министрлігінде әртүрлі қызметтер атқарды. 1973—1977 жылдары ҚХР-дің КСРО-дағы елшілігінің аттас елшісі болды. 1977—1987 жылдары — ҚХР сыртқы істер министрлігінің екінші, бірінші хатшысы және сектор меңгерушісінің орынбасары. Қазақстанға елші болып тағайындалғанға дейін Қытай Халық Республикасының АҚШ-тағы елшілігінің кеңесшісі қызметін атқарды.

(ҚазТАГ).

Ертіс ауданының диқандарын қазіргі кезде төбеден жай түскендей екі жағдай қатты алаңдатып отыр. Оның біріншісі — іске пайдаланатын техникалар мен құрал-жабдықтардың және құрылысқа қажет материалдардың бағасы тым шырқап кеткендігі болса, екіншісі — амалсыздың күнін кешіп, аса көп бөлігі мойынға салынатын шаруашылықтардың несиеге алған 100 миллион сом қаржысын жабудың көзін табу. Бұл аса қиынға соғып жүрген шаруа. Егер олар оның жолын қарастырмаса, кейбір сәуегейлердің айтуына қарағанда, бұлардың берешегі жарты миллиард сомға дейін өсіп, тұңғыққа тірелетін түрі бар.

Дегенмен, диқандар қауымы бұрынғыдай жаңа техникаларға иек артпай, қолдағы барын жамап-жасқап, өздерінше тірлік жасап бақты. Алайда өткен жылғы қуаңшылықтан қажетті тұқым даярлай алмағандығы бір алаңдатса, қолдың қысқалығынан органикалық тыңайтқыштарды егістік алқаптарға ойдағыдай шаша алмағандығы тағы мазалай түсті. Оның үстіне кезінде қысқа жетерлік жем-шөбі жетпейтін болған соң, егістік алқаптарға мал жаюға мәжбүр болған. Сонан соң күзде сүдігер жыртуды жартысынан ғана асырып, көктемде атқарылар істі ұлғайтып алғандықтары тағы бар.

Аудан әкімі Тито Уақапұлы Сыздықов тұқым мәселесін облыстық агроөнеркәсіп кешенімен келісіп шешті де, қалайда көктемгі егісті ойдағыдай өткізуге бар күшті жұмылдыруды қолға алды. Бар техникаға түсер салмақ есептеліп, жағдайға қарай дәнді дақылдарды орналастырудың технологиясын қайта қарауды жөн көрген ол биыл қарақұмық пен қызылшаға көбірек жер бөлгенді дұрыс санап отыр. Ал атқарылар ісі жылдағыдан көбейіңкіреп кеткен биылғы көктемгі егіс науқанында қолда бар күшті іскерлікпен тиімді пайдаланғаннан басқа амал жоқ.

Жағдай қазір барлық жерде жетісіп тұрған жоқ, — дейді облыстық агроөнеркәсіп кешенінің бас мамандарының бірі В. Слепченко біздің алдымызға ақпараттарын жайып тастап. — Тұқым бойынша қолда барымен базарлайтын шығармыз. Ал қосалқы бөлшектердің жетімсідігінен өткен жылғы дә...

КӨКТЕМГІ ЕГІС Диқан неге алаңдайды?

Облыс орталығында Қазақстан мен Ресейдің түсті металлургия өндірісімен шұғылданатын ірі корпорациялар және концерндердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары бас қосты. Кеңесте өз болған негізгі мәселе — өзара іс-қимыл жасау арқылы түсті металлургия сала-

сында, тау-кен транспорты жабдықтарының кейбір түрлерін шығаруды ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын бірлесе жүргізу сияқты мәселелер сөз болды.

Нәтижесінде екі күнге созылған кеңес қорытындысында түсті металлургия саласы бой-

АЛМАҚТЫҢ ДА САЛМАҒЫ БАР

сында ынтымақтастыққа қол жеткізу.

Екі мемлекет үшін де маңызды бір мәселе — ағымдағы жағдайға қарай дәнді дақылдарды орналастырудың технологиясын қайта қарауды жөн көрген ол биыл қарақұмық пен қызылшаға көбірек жер бөлгенді дұрыс санап отыр.

Жезқазғанда өткен жүздесу жөніндегі әңгімені осымен аяқтауға да болатын еді. Алайда көңілге дық қалдырған мына көріністі қозғамай кету жөн болмады. Алғашқы күннің кешінде Қазақстан тобымен болған пікір алысу аясында осы кеңесті жүргізген Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары — өнеркәсіп министрі О. Н. Сосковец жиналғандарға Мәскеуде шығатын «Рабочая трибуна» газетін қаржыландыруға көмек көрсету жөнінде өтініш жасады.

Әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша

Парламенттің Халықтың денсаулығын қорғау және оны әлеуметтік қорғау жөніндегі, Әйелдер істері, отбасын, аналар мен балаларды қорғау жөніндегі, Ардагерлер, мүгедектер мен әскери қызметшілер істері жөніндегі, Жастар істері жөніндегі комитеттерінің бірлескен мәжілісі болды.



Түрік хабарларына құлақ түріңіз

Кеше Анкарадан алғаш рет Орта Азия республикалары мен Әзірбайжан және Қазақстанға арналған алғашқы телехабар түрік тілінде беріле бастады. Бұл хабар Германияның жасанды жер серігі арқылы «Интер-түркі» және «Азиятүркі» тележүйелерін іске қосудың нәтижесінде мүмкін болды.

Хабар бере бастау Түркияның Премьер-министрі Сүлеймен Демирелдің осы жаққа ресми сапарына орайластырылып отыр. Ол бұл күнді «Адрнат теңізінен Қытайға дейінгі жағрапиялық кеңістікті алып жатқан түркі әлемі үшін маңызды күн» деп бағалаған.

«ЖИГУЛИ» ЖӘНЕ АРМАНҒА АЙНАЛДЫ

Ресей мемлекетінің Самара қаласынан түскен хабарға қарағанда, «Волга автозауытының» өнімдерінің бағасы тағы қымбаттатылған. «Жигулилер» кешегі күннен бастап бір жарым-екі есе қымбаттады. Көпке ұнаған алтыншы үлгі енді 286 мың сом болады. Ал соңғы үлгілердің бағасы жарты миллион сомнан асады.

Сонда бұдан былай «Жигулидің» талайлар үшін қол жетпес арманға айналып қалатынын анық-ау.

АЛҒАШҚЫ ПОЙЫЗ АТТАНДЫ

Қытай мен Қазақстанды, жалпы Еуропа мен Азияны байланыстыратын төмір жол салтанатты түрде 20 маусымда ашылатыны анық. Сөйте тұра Қазақстан астанасынан алғашқы жолушылар пойызы Қытайды бетке алып жолға шықты. Ол Шыңжаңға 400 турсті жеткізді.

Таяуда Шыңжаңның ресми делегациясы Қазақстанға келіп, туризм мәселесі жөнінде үлкен келіссөз жасамақшы.

ОРЫС ҒАЛЫМДАРЫ — ОҢТҮСТІК КОРЕЯДА

Оңтүстік Кореяның газеттерінде бірі осында Ресейдің кө-